

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде

Бекітілді

Факультет деканы

_____ Мейрбаев Б.Б.

№ 11 хаттама 26.06.2025 ж.

**«БВ02203-Дінтану» мамандығы 4 курс студенттеріне арналған
«Дінтанулық сараптама» пәні бойынша ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
5 кредит, 4 курс, қазақ бөлімі, күзгі семестр**

Алматы 2025 ж.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті Қ.С. Бағашаров.

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«20» 05. 2025 ж., хаттама № 11

Кафедра меңгерушісі _____ Құрманалиева А.Д.

Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Пәннің мақсаты: студенттерді негізінен ғылыми, мемлекеттік, сот-құқықтық салаларда тиімді сарапшылық қызметке дайындау, кәсіби дінтанулық сараптаманың теориялық мәселелерімен таныстыру, дін саласындағы сараптамалық қызмет үлгілерін аналитикалық зерттеу және бағалау болып табылады.

Оқыту нәтижелері:

- Дінтанулық сараптама жүргізудің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеріп, нақты діни материалдарға талдау жасауда қолдана білу;
- Дін саласындағы сараптамалық қызметті ұйымдастырудың ғылыми, нормативтік және құқықтық негіздерін түрлі заңнамалық актілерден, ғылыми еңбектерден, ресми дереккөздерден іздестіріп, саралап, талдап, жүйелеп, нақты мәселелерді шешуге қолдану;
- Өзіндік жұмыстар мен жобалық зерттеулерді тиімді орындап, нәтижесін аналитикалық тұрғыда көрсете білу, өз көзқарасын дәлелдеу, сараптама қорытындысын талапқа сай дайындап, рефлексиялық талдау жүргізу;
- Дінтанулық сараптама пәнінен алған білімін, біліктілігін, құзыреттілігін болашақ кәсіби қызметінде қолдануға, сарапшылық бағыттағы кәсіби дамуын жоспарлауға және дін саласындағы күрделі жағдайларды бағалауға қабілетті болу.

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет. Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1-тақырып.** «Дінтанулық сараптама» курсының мақсаты мен міндеттері
- 2-тақырып.** Радикализм ұғымы, түрлері мен белгілері
- 3-тақырып.** ҚР Әділет министрлігінің Діни бірлестіктермен жұмыс жөніндегі комитетінің қызметі
- 4-тақырып.** Фундаментализм, радикализм ұғымы, түрлері мен белгілері
- 5-тақырып.** Экстремизм және терроризм ұғымдары, түрлері мен белгілері
- 6-тақырып.** 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң
- 7-тақырып.** Таблиги жамағат ұйымының теріс көзқарастары
- 8-тақырып.** ҚР Мәдениет және спорт министрлігі құрамындағы Дін істері комитетінің қызметі
- 9-тақырып.** Қазақстандағы конфессиялық қатынастарды құқықтық реттеу
- 10-тақырып.** Дінтанулық сараптаманың негізгі ұғымдары мен категориялары
- 11-тақырып.** ҚР Дін істері агенттігінің қызметі және жаңа діндарлықтың қалыптасуы
- 12-тақырып.** 2015 жылғы Дінтану сараптамасын жүргізу қағидалары
- 13-тақырып.** Псевдосалафи ұйымының теріс көзқарастары және дінтанулық сараптама жасау
- 14-тақырып.** Дін саласын құқықтық реттеу пәнімен байланысы
- 15-тақырып.** Дінтанулық сараптама әдістемесі пәнімен сабақтастығы

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Загребина, И. В. Религиоведческая экспертиза: учебник для бакалавриата и магистратуры / И. В. Загребина, А. В. Пчелинцев, Е. С. Элбакян. - М.: Издательство Юрайт, 2017. - 449 с. - Серия : Бакалавр и магистр. Академический курс
2. Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 ақпанда № 10184 тіркелді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1400010184>
3. Калыбекова Л., Калмахан Е. Дінтану Сараптамасының Әдістемелік Негіздері Мен Принциптері *Türk Dünyası Akademik Bakış Journal of Turkic World Academic Perspective* Yıl/Year: 2024-Güz/ Autumn Cilt/Vol: 4 Sayı/Issue: 8. 73-109 б.
4. Әбдірәсілқызы А. (2012). «Дінтану сараптамасы: міндеттер мен мәселелер», <https://abai.kz/post/14930>.
5. Арыстанбекұлы Н. (2022). «Қазақстан Республикасында дінтанулық сараптама жүргізудің тағылымдық мән-маңызы», Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы, Алматы, 3 (397), 20-27.

Қосымша:

1. Элбақян Е. (2012). «Научность религиозной экспертизы: возможность и необходимость», Новые вызовы свободы совести в современной России, Москва: Древо жизни, 164.

Интернет-ресурстар:

- 1 <http://elibrary.kaznu.kz>
- 2 <http://www.niac.gov.kz/ru>
- 3 Мир религий: <http://www.religio.ru/>
- 4 Cambridge dictionary // <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/proselytize>
- 5 <https://www.britannica.com>

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТІХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы 90–100% (27-30 балл)	Жақсы 70–89% (21-26 балл)	Қанағаттанарлық 50–69% (15-20 балл)	Қанағаттанарлықсыз	
					25–49% (8-14 балл)	0-24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шешпе алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
3 сұрақ 40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.

